

А.Н.Рамашова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана (E-mail: rgul.ksu@mail.ru)*

## **Қазақстан аймақтарының жаңартпашылық технологияларға көшуі үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру: жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен бағыттары**

Қазіргі уақытта жаңартпашылық қызмет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болған жоқ: отандастық экономикада маңызды технологиялық ашылымдар, зерттеу нәтижелері мен өндеулерді қарқынды бұқаралық игерілуі бақыланған жоқ. Бұл байланыста жаңа аса жоғары деңгейге көшу мен жұмыс істеу үшін технологиялық құрылыстың алмасуы шарттарында кадрлардың дайындық деңгейі ерекше маңызға ие, себебі кәсіптік кадрлар сапасы, бейімділігі мен оңтайлығы экономиканың жаңартпашылығын анықтайды. Мақалада автор аймақтағы кадрлық әлеуеттің қалыптасу мәселелерін қарастырды. Мемлекет аймақтарында құрылған жағдайдың қысқаша талдауы өткізілді. Экономиканың жаңартпа дамуына көшу үшін мүмкіндіктер анықталды.

*Кілт сөздер:* жаңартпашылық экономика, кадрлық әлеует, аймақ, әлеуметтік-экономикалық үлгілендіру, ұлттық жаңартпашылық жүйелер, қаржы салу, экономикалық белсенді халық, өмір ұзақтығының деңгейі, атаулы жалақы деңгейі, жұмыссыздық.

Қазақстан шаруашылық жүйесінің өзгеруі жаңа экономикалық заңдылықтарын, кез келген жүйенің ұдайы өндірістік циклі жүзеге асырылуының тәжірибелік қалыптарын және аймақтық ерекшеліктерін сөзсіз анықтайды. Сондықтан шаруашылық қызметін жүргізудің заманауи қалыптарын игеру қажет, яғни бөлек әкімшілік-экономикалық қалыптасулар мен сауда ұйымдарының жаңартпашылық даму болжамын анықтайтын тәсіл, ереже және әдістерді ұғыну. Сауда ұйымдары үшін нарық мүмкіндіктерінің кеңею үрдісі өз кезегінде кадрлық қордың тиімді ұдайы өндірістілігін қажет етеді.

Заманауи шарттарда Қазақстан дамуындағы экономикалық өсуінің негізгі факторы ретінде бейімді, икемді, жедел кадрлық саясат және заманауи ұйымның кадрлық әлеуетінің қалыптасу процесі болып табылады. Сол себепті ұйымның кадрлық әлеуетінің қалыптасу мәселелерін зерттеу өзектілігі жаңартпашылық экономика шарттарында оның дамуының жетілдіру қажеттілігімен анықталады.

Қазақстанда күшейтілген индустриалды-жаңартпашылық дамудың бағдарламасы тек негізгі капиталдың түбегейлі жаңартпашылық өзгеруін, жаңартпаға басымды инвестицияларды жұмсау ғана емес, сонымен бірге жаңа технологиялық құрылымдарды игеру үшін кем дегендегі қажетті меншікті ғылыми және кадрлық әлеуетті құру.

Республикада құрылған демографиялық үрдісті ескерсек, алты жыл ішінде 2020 жылы еңбекке жарамды жасқа 3 млн адам бар. Демек, кәсіптік білім беру мен жұмыс орындарын құру мәселелері бірінші орынға шықты. Бұл байланыста жаңа жоғары деңгейге көшу және жұмыс істеу үшін технологиялық құрылыстың ауысуы шарттарында кадрлардың дайындық деңгейі ерекше маңызды мәнге ие, себебі кәсіптік кадрлардың сапасы, олардың жеделділігі және бейімділігі экономиканың жаңартпашылығын анықтайды.

Қазақстанда және оның аймақтарында 5- және 6-шы технологиялық құрылысқа сәйкес келетін кадрлық әлеует әлі құрылған жоқ. Тіпті республика аймақтарының экономикалық дамуы заманауи кезеңде жаңа технологияларды тиімді өндеу, игеру, өндіру және пайдалануға қабілетті кадрлардың тапшылығымен сипатталады. Сөз технологиялық тізбектің барлық деңгей кадрлары туралы қозғалып отыр:

- ғалым-зерттеуші;
- ҒЗТҚӘ саласындағы құрылысшы және өндеушілер;
- жоғарғы технологиялық өндірістердегі инженерлер, техниктер, білікті жұмысшылар;
- ҒЗТҚӘ саласында ұйымдастыру, басқару және жоғарғы технологиялық өндірістерді жүзеге асырушы мемлекеттік қызметкерлер, менеджерлер [1].

Бүгінгі күні ғылым және білім беруде, инженерлік салада және бизнесте басым ғылыми, инженерлі-техникалық және жұмысшы кадрларын дайындау жүйесі уақыты соңына жеткен жартылай жақсартылған индустриалды технологияларға ғана бағытталған. Ғылым және білім беруді шамадан

тыс коммерциялау экономика үшін 5- және 6-шы технологиялық құрылыстың кадрларын дайындау мүмкіндігін кемітіп, ғылыми және жаңартпашылық ізденіс салаларын қысқартады.

XXI ғасыр жаңа талаптары белсенді кадрларды дайындаусыз, ғылым және білім беру, бизнес, мемлекет жаңартпа серіктестігісіз болуы мүмкін емес өндірудің постиндустриалды технологиялық тәсілдерінің жаңартпашылықтарын игеру бастапқы капиталының жоғарғы деңгейдегі ірі масштабты міндет етеді. Өзірше негізгі ғылыми-техникалық және жаңартпашылық әлеует алдағы өркениеттерде шоғырланған — Солтүстік Америка, Шығыс Еуропа, Жапония. Олар ҒЗТҚӘ-ге 1,92–3,15 % ЖІӨ шығындайды (халықтың жан басына шаққанда 1726-тен 3690 долл. дейін), жоғарғы технологиялар экспортында негізгі орындарды алуда (әлемдік экспортта Евроаймағы — 29,8 %, АҚШ — 17,0, Жапония — 9,9 %). Қытай жоғары технологиялық тауарлар экспорт көлемі бойынша АҚШ-пен теңелді (ал Гонконгты ескерсе, АҚШ-ты басып озды), бірақ ҒЗТҚӘ-ға шығын үлесі бойынша ЖІӨ әлдеқайда артта қалуда (1,44 % 2,68-ге қарсы).


Ресей мен Қазақстан қайта құрылу және дағдарыс уақыты ішінде ғылыми-зерттеу саласында жетекші орындардан айырылды. Ресейде ғылым саласына шығын үлесі орта әлемдік деңгейден төмен (1,17 % пайыз 2,28 %-ға қарсы), ал әлемдік жоғарғы технологиялық экспортта шығын үлесі 0,3 % жоғары емес. Қазақстанның жағдайы бұдан да нашар, мұнда зерттеулер мен өндіріске деген шығын үлесі еліміздің ЖІӨ тек 0,28 % құрайды.

Қазақстанда 90 жж. басында ҒЗТҚӘ-да қамтылған адамдар саны 40 мың адам болса, 2011 жылы 18,0 мың адамға төмендеді, немесе 1084 зерттеуші не өндіруші 1 млн тұрғынға, бұл тіпті 1965 ж. деңгейімен тең (18,2 мың адам). Қазіргі уақытта Қазақстан ғылыми кадрлармен қамсыздандыру бойынша тек әлем жетекшілерінен ғана емес, сонымен бірге ТМД елдерінен де артта қалуда. Мысалы, 1 млн халық тұрғындарына зерттеушілер саны Украинада 1774, Белоруссияда 1871 ал Ресейде 3319 адам құрайды. Сондықтан ғылым және технологияда Қазақстан үшін негізгі және басым бағыттарда ғылыми мектептерді нығайту қажет.

Қазақстан аймақтарының экономикасын зерттеу оның жаңартпа кадрлық әлеуетінің дамуында біркелкі еместігін көрсетті. Осылайша Алматы қаласының республикада зерттеумен және өндіріспен айналысатын мамандар-зерттеушілер бір бөлігі 48,2 % (8689 адам), Астана қ. — 9,4 % (1703 адам), Шығыс Қазақстан облысында — 10,3 % (1853 адам) және Қарағанды облысында — 4,4 % (794 адам) құрайды, яғни 2 облыста және 2 қалада ғылыми орталықта 72,3 % республиканың жаңартпа әлеуеті шоғырланған. Республиканың басқа аймақтарында жаңа технологиялық құрылысқа көшу үшін кадрлық әлеуеттің басымды жетіспеушілігі бақыланады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 0,4 % республиканың маманды зерттеушілері жұмыс істейді, ал Қызылорда облысында — 0,8 %. Бұл көрсеткіштер аталған облыстар аймағында жаңартпа технологиялық ашылым үшін өте төмен. Бұл мәселені шешу үшін жаңартпа білім берудің ұзақ мерзімді және тиімді бағдарламасы қажет.

Республиканың ірі қалаларында жұмыссыздар мен төмен білікті жұмысшылардың санын көбейтіп жүруге мәжбүр болған жергілікті халықтың кәсіптік және аймақтық жеделділігін арттыру еліміз бойынша, әсіресе оңтүстік аймақтарда, арнайы оқу орындарының жүйесін жедел және қарқынды ашылуын талап етеді.

Егер 2001 ж. жергілікті халыққа 6–24 жас аралығындағы білім берудің жалпы қамтылу саны халық санының 72,5 % құраса, 2011 жылы мектеп, техникалық, кәсіптік және жоғарғы білім берудің қамтылуы 74 % адамды құрды. Бұл маңызды түрде білім беру саласында реформалау жүргізумен түсіндіріледі (1-сур.).




Ақпарат-деректемесі: ҚР статистика бойынша агенттігі [2]

1-сурет. 2001–2011 жж. жергілікті халыққа 6–24 жас аралығында білім берудің қамтылу санының динамикасы

XXI ғасыр ғылыми экономикалық дағдарысы жаңа технологиялық құрылысты игеруде қажетті жеке ғылыми, кадрлық және инвестициялық әлеуеттің жоқтығы елдер арасындағы үзілісті күшейте түседі. Мәселені шешу жолы — әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлерін жақындастыру мақсатында алдыңғы қатарлы, дамушы елдер және артта қалған өркениеттердің серіктестігі.

Әлеуметтік саясат нәтижелілігінің көрсеткіші халық өмірінің деңгейі мен сапасы болып табылады. Соған байланысты талданған уақыт ішінде халық саны мен өсу серпінін қарастырайық. 2-суретте көрсетілгендей, соңғы 11 жыл ішінде республикада халық санының өсуі 2 млн адамға дейін көбейіп, 2012 жылдың басына 16,9 млн адам санын құрды. Қазақстанның халық жиілігімен ерекшеленетін дәстүрлі облыстар — Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облыстары, онда республиканың 16 және 11 % халқы тұрады. Неғұрлым халық жиілігі төмен аймақтар — Атырау, Маңғыстау облыстары — онда Қазақстан халқының 3 % тұрады.



Ақпарат деректемесі: ҚР статистика бойынша агенттігі [2]

2-сурет. 2000–2012 жж. Қазақстан Республикасы халық санының серпіні

Елімізде экономикалық белсенді халық (ЭБХ) саны бірыңғай екпінмен өсуде және 2012 жылдың басында 8,8 млн адам құрды, оның ішінде жұмыспен қамтылғандар саны — 8,3 млн адам, жұмыссыздар — 473 мың адам. 2000–2011 жж. ішінде жұмыспен қамтылғандар саны 2,1 млн адамға көбейді, немесе 33 %, және жұмыссыздар саны 433,4 мың адамға азайды. Бұл жұмыссыздықты 13 %-дан 5 %-ға кемітуге мүмкіндік берді. Жұмыспен қамтылғандар құрылымының серпіні жалдамалы жұмыскерлер санының өсуімен және өз бетімен жұмыспен қамтылған халық санының қысқаруымен сипатталады. Осылайша талданған уақыт ішінде жалдамалы жұмыскерлер саны 57 %-дан 67 %-ға дейін өсті, ал өз бетімен жұмыспен қамтылғандар саны 43 %-дан 32 %-ға қысқарды.

2012 жылға экономикалық белсенсіз халық саны 3,4 млн адам құрды. Экономикалық белсенсіз халық (ЭБХ) серпіні кішігірім тұрақты үрдіс көрсетуде: көрсеткіштің ең төмені 2002 жылға келді және 3,1 млн адам құрды, одан кейін ЭБХ саны өсе бастады. Соңғы 11 жыл ішінде экономикалық белсенсіз халық саны басым көпшілікте 1,8 млн адамға төмендеді.

2002 жылдан кейін Қазақстан халқы санының елеулі көбеюін ескере отырып, экономикалық белсенсіз халық санының 2002 жылдан бастап өсуін жағымсыз үрдіс деп санау дұрыс емес, себебі көрсеткіш қатыстылық көрінісімен төмендейді.

Қазақстанда туғаннан бастап болжалды өмір ұзақтығы орташа өсу екпінімен көбеюде. 2000 ж. ол 65,5 жас, ал 2011 ж. — 69 жас құрды, осылайша 11 жыл ішінде 3,5 жасқа артты. Аймақ тұрғысынан ең үлкен болжалды өмір ұзақтығы Астана қ. (73,3 жыл), Алматы қ. (71,6 жыл) және Маңғыстау облысында (70,5 жыл) бақыланады. Ең төмен болжалды өмір ұзақтығы Солтүстік Қазақстан (66,5 жыл), Ақмола (66,7 жыл) және Қарағанды (67,3 жыл) облыстарында белгіленді. Барлық үш облыста болжалды өмір ұзақтығына жағымсыз әсердің жиынтығы халық табысының төмен деңгейіне әкелуі мүмкін, ауыр табиғи-климаттық жағдай мен халық табысының саралануы (ең төмен 10 % және ең

жоғары 10 % қамсыздандырылған халық санының арақатынасы бұл аймақтарда Қазақстан бойынша ең жоғары).

Астана және Алматы қалаларында өмір сүру ұзақтығының ең жоғарғы деңгейі анықталғанын ескерсек, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында өмір ұзақтығының төмендеуі ең бастысы ауыл халқының жоғарғы үлесімен байланысты. Ауыл аймақтары көбіне әлеуметтік-экономикалық дамуда артта қалады, бұл нашар өмір көрсеткіштерінде, ауру санының көбеюінде және т.б. көрсетіледі.

Серпінесте бір жұмысшының орта айлық атаулы жалақысы және халықтың жан басына шаққанда орта атаулы табысы үнемі өседі. Қазақстан бойынша бір жұмысшының орта айлық атаулы жалақысы 2012 жылы орта есеппен 99,5 мың теңге құрды.

2012 ж. мәліметі бойынша, Атырау және Маңғыстау облыстарында атаулы жалақы деңгейі еліміз бойынша орта деңгейден екі есе артық. Әдетте бұл аймақтардағы жалақының жоғарғы деңгейі мұнай және табиғи газ өндіру салаларына байланысты. Жалақының ең төмен көрсеткіштері ауыл халқының қомақты үлесі бар аймақтарда анықталды, бұл — Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қазақстан аймақтарын жаңартпашылық әлеует бойынша шаруашылықтың жалпы шарттарымен, қорлы-өндірістік әлеует, шешілетін міндеттердің ерекшелігі мен сипатымен ажыратылатын төрт топқа бөлуге болады.

Бірінші топ жоғары технологиялық-ғылыми өндірістерді жасауға қолайлы жоғары ғылыми-өндірістік әлеуетті және жеткілікті жағымды экономикалық шарттарды құрайтын аймақтан тұрады. Бұл аймақтар техника-технологиялық ашылымда үлкен тірек бола алады. Өйткені 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық жоспардың [3] ұстанымдарын орындау және 2010–2014 жж. Республиканың жеделдетілген индустриалды-жаңартпашылық дамуының мемлекеттік бағдарламасын [4] жүзеге асыру тұрғысында индустриалды-жаңартпашылық дамудың ең жоғарғы бастапқы деңгейді иемденеді.

Екінші топқа стратегиялық сипатты өнім қаржыларының ерекше қорларын және ғылыми-өндірістік әлеует дамуының жоғарғы деңгейін иемденетін аймақтар кірді. Бұл топта халық шаруашылығының аса тиімсіз салалық құрылымы (өнімдік шикізатты өндіру және жартылай жасау бойынша салалардың сөзсіз басымдылығы).

Үшінші топқа республиканың азықтық әлеуетін қалыптастыруда бастаушы орын алатын агроөнеркәсіп кешендері бар аймақтар жатады.

Төртінші топты экономикалық бұлтарыстың мүмкіндігін, аса тиімсіз салалық құрылымды және де экологиялық дағдарыс аудандарын аяусыз шектеуші айрықша техника-технологиялық шарттарды иемденетін облыстар құрайды.

Ескеретін бір жай, экономиканы қарқынды дамытуда аймақтардың әр түрлі бастапқы мүмкіндіктері кедергі бола алмайды. Жоғарыда айтылғандай, ғылыми-технологиялық дамуда аймақтардың әр түрлі шарттары бар. Бұл жағдай әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын таңдаудағы жол іздеуінде сараланған тәсілмен шартталады. Біршама жоғары ғылыми-өндірістік әлеуетін Шығыс және Орталық Қазақстан аймақтары иемденеді, орташа — Батыс және Солтүстік Қазақстан, өте төмен — Оңтүстік Қазақстан.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық үлгіленуінің басты шарты Қазақстан аймақтарының қазіргі экономикалық жағдайының ерекшеліктерін, жаңартпашылық ойларды тудыру процесінің және оны өрлету тәжірибесінің әлсіз үйлесімдігін ескеретін аймақтық жаңартпа жүйесінің басқару үлгісі болып табылады.

*Ғылыми-техникалық әлеуеттің саналық және сапалық өсіммен қамсыздандырудың жетекші элементі.* Бұл дамыған елдердің тәжірибесін зерттеу көрсеткендей, экономиканың барлық аймақтарында және қоғамдық өмірде білім беретін, ғылыми, кәсіпкерлік және коммерциялық емес ұйымдар мен жүйелердің ара қатынасын қамсыздандыратын құқықтық, қаржы және әлеуметтік сипатты институт кешенін, технологиясын және білімін коммерциялық жүзеге асырумен және (немесе) өндірумен айналысатын бір-бірімен байланысты ұйымдардың (жүйелердің) жиынтығын көрсететін ғылыми көлемде бәсекеге қабілетті ұлттық жаңартпа жүйесінің (ҰЖЖ) қалыптасуынсыз мүмкін емес.

Заманауи шарттарда аймақтардың ғылыми-техникалық әлеуетінің үлгіленуін ұйымдастырмалы-экономикалық қамсыздандуы келесі екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- біріншіден, тікелей және жанама мемлекеттік қолдау, соның ішінде жаңартпа дамудың үлгіленген бағдарламасын және оның қатысушыларына жеңілдікті жүзеге асыру мен өндіруге бюджеттік қаражат бөлінуі түрінде;

- екіншіден, кәсіпкерлік, банктік, қаржы жүйесі, өнеркәсіп құралдары қорларын толық қолдану, аймақтың және де елдің басқа да аймақтарынан, сонымен бірге шет елдерден инвестицияларды жұмылдыру жолы арқылы.

Бірақ кез келген жағдайда ғылыми-техникалық әлеуеттің және жаңартпа қызметтің жетілдіруінде аймақтар елеулі инвестициялар шығаруы керек. Өңгіме тек ұзақ мерзімге республикалық бюджет қаржысынан ғылымды дамытуға арналған шығынның белгіленген пайызын нормативті бекіту мүмкіндігі туралы ғана емес, сонымен бірге аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге тиімді әсер етуге қабілетті және жаңартпа бағдарламаға кіретін келешегі зор және орташа мерзімді жобаларды кепілденген қаржыландыру көлемі туралы. Үлгілендіруді сәтті өткізу аймақтарда әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың ұстанымдары, бағыттары және механизмдері бар өзгерістерді талап ететін адам әлеуетінің сапасын кеңейтусіз мүмкін емес.

Аймақтардың сәтті дамуында олардың ынтасы ерекше орынға ие. 2015 жылға дейін ЖИЖД МБ жүзеге асырудың басты құралы аймақтық ынта болып табылатыны атап өткен жөн. Әр аймақ бірегей, сондықтан әр облыстың мәселесін шешуде жеке тәсілді қолдануды талап етеді.

Аймақтық ынталар аймақтың экономикалық дамуымен, адам өмірін арттыруға бағытталған жергілікті қорларды тиімді қолданумен тығыз байланысты. Бүгінгі күні аймақтардың жаңартпалық дамуы және нарықтық өзгеруі жалпы жүйелі-инвестициялық процесінің сыықсыздалуымен және аймақтардың өзін-өзі қаржыландырудың әр түрлі мүмкіндіктерімен тоқтатылуда. Сондықтан жаңа жағдайдағы әр аймақтың негізгі міндеті — инвестициялық ортаны құру.

Шығыс және Орталық Қазақстанның кәсіпорындарын жаңартпа дамудың үлгісін өңдеу үшін полигон ретінде таңдалуы әбден анық. Мұнда индустриалды кешеннің жетекші салалары шоғырланған, көрнекі ғылыми-өндірістік әлеует жинақталған, білікті инженерлі-техникалық ұжым сақталған.

Болашақта технологиялық тізімнің тереңделуі аймақтың бәсекеге қабілеттілігін және табыстылық деңгейін жоғарлатуға көмек етеді. Оңтүстік Қазақстан тоқыма өнеркәсібінің орталығы болады.

Щучинск-Бурабай аймағы және Шығыс Қазақстан көркі мықты және заманауи ішкі құрылымы бар туристік кластердің орталығы болуға барлық алғышарттары бар.

Каспий жағалауындағы елді мекендерде және Ақтау қаласында Каспий теңізі арқылы жедел және сапалы жүк транзиттері үшін заманауи технологиялармен жабдықталған негізгі көлік торабы болуына барлық мүмкіндігі бар.

*Республика аймақтарында индустриалды-жаңартпашылық мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жағдайы.* Қазақстан Республикасы аймақтарының дамуы, соңғы жылдары экономикалық өсімнің нық қарқынмен, негізгі капиталға инвестицияларды көбейту және жергілікті халықтың нақты табысының жоғарылауымен сипатталады. Аймақтардың өнеркәсіптігінде резеңке, пластмасс бұйымдары, целлюлозды-қағаз өнеркәсібі және басылым ісі мен металлургия өндірісі қамсыздандырады. Өндіруші салаларда сонымен бірге сапалы өзгерістер де бар.

Үкімет бекіткен индустриалды-жаңартпашылық дамуды жүзеге асыру бойынша шараларға сәйкес өнеркәсіптік, ғылыми және кадрлық әлеуетті түгендеу бойынша, жаңартпа бизнес-ортаның орнауы, инвестициялық жобалардың қалыптасуы мен жүзеге асырылуы бойынша, кең ғылымды және жоғарғы технологиялық өндірісті, қосылған бағаның артуымен тауар және қызмет көрсету пайдасына экспорттық әлеуетті әртараптандыруын ынталандыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Облыстарда дамудың қала құрылысының жобалары өңделуде, тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жоспарлар жүзеге асырылуда және т.б.

Ерекше атап өтетін жайт, жаңартпашылық даму мәселесінде Қазақстан өзінің 20 жылдық мәресіне нақты нәтижелермен жетті. Осылайша, бүгінгі күні елімізде жаңартпашылықты қолдау бойынша қажетті инфрақұрылым жасалды. Ұлттық жаңартпа қоры, Ғылым қоры, Еншілес қор, Аймақтық технопарк, Коммерциялау кеңселері, Салалық құрылымдық бюролар, Халықаралық технология трансферті орталығы сияқты дамыту институттары жұмыс істеуде. Алғашқы 2010 жылдан бастап жаңартпашыл гранттарды беру жобасы іске қосылды. Оның тиімділігі 2011 жылы

өтініш берушілердің 2 есе көбеюімен және 7,5 млрд теңге бөлінген қаражатына 65 млрд теңге көлемінде өтініштер берілуімен анықталды [5].

Сонымен бірге аймақтық технопарктердің тиімділігі өсті, технологияларды коммерциялау толық жүйесі іске қосылып, білім беруді тарату орталықтары жасалды.

Мемлекеттің жаңа білімді сіңдіру ғылымды дамыту ғана емес, сонымен қоса республиканың бөлек аймақтарында барлық әлемнен алынған алдыңғы қатарлы технологиялар мен білімді тиімді енгізуде де маңызы зор.

Жалпы қазіргі Қазақстанның жаңартпа жүйесіндегі даму жағдайы үлкен үш бөлімнен тұрады. Жаңартпашылықты қолдау бойынша инфрақұрылымды және институционалды «қаңқа» жасалды — ойдан бастап өнеркәсіптік өндіріске дейін; отандастық бизнес сұранысына бейімделген жаңартпашылық қызметті мемлекеттік қолдаудың тиімді құралдар қоржыны өндірілді; бейімді, тиімді және бекем ұлттық жаңартпашылық жүйенің қалыптасуы үшін таяныш дайындалып, орта белсендірілді.

*Қазақстан аймақтарында индустриалды-жаңартпашылық қызметті белсендірудің алдағы жолдары.* Мемлекеттік жаңартпашылық саясаттың аймақтық көрінісі өндірістік саясат қалыптасуының негізі болып табылады. Және де болашақта орындарда тек жаңартпашы өндірісті жасау ғана емес, сонымен қатар жоғарғы технологиялық өнімді өндіруге бағдарланған кешендерді жасау көзделуі қажет. Бұл мемлекеттен аймақтарда жаңартпашылық қызметті реттеудің институционалды механизмдерін өндіруді, оның ішінде бірінші қатарлы қолдау үшін нысандарды таңдаудың әсерлі өлшемі және сол қолдаудың механизмдерін талап етеді.

Мұндай әсерлердің ең тиімді әдістері ретінде жергілікті өкіметке бөлек өндірістік кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде жаңартпашылық белсенділікті бақылау ғана емес, басқару тәртібін қамсыздандырудың және қолдаудың нақты бағыттарын анықтау есебімен жүзеге асырылатын аймақтық индустриалды-жаңартпашылық бағдарламалар болып табылады. Аймақтық индустриалды-жаңартпашылық бағдарламалар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық бағдарламасы негізінде қалыптасуы керек және жаңартпа инфрақұрылым мен жаңартпашылық әлеует дамуының негізгі артықшылықтарын, оған қоса кадрлардың дайындығы мен шығарылуын анықтауы керек.

Аймақтық зерттеушілерді қолдау бойынша арнайы бағдарламаны өндіру қажеттілігі бар. Оның ішінде коммерциялау орталықтарында, кәсіпорында, университетте, шет елді ғылыми-зерттеу ұйымдарда және жетекші әлемдік өндірушілердің зауытында тәжірибелік білім алу арқылы және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу арқылы.

*Жаңартпашылық қызметтің беделі мен жағымдылығын арттыруға бағытталған аймақтарда, салаларда және ұлттық ұйымдарда жаңартпашылық қызметтің ақпараттық дамуын белсендіру.* Сәйкес саладағы технологиялық және ұйымдастырмалы жаңартпаның дерек қорын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның жариялануы мен талқылануы үшін қажетті ғаламтор-қорын жасау.

Болашақта жаңартпашылық қызметтің көтерілуінің маңызды бөлшегі бұқаралық ақпарат құралдарында жаңартпашылық кәсіпкерліктің насихатталуы, қоғамда тәуекелге «шыдамдылық» бағдарын жасау болып табылады. Ғылымның әр түрлі саласында және жоғарғы технологияларда заманауи көрме кешендерін, үйірмелерді және оқыту орталықтарын құру, жаңартпашылық қызметке бірінші кезекте жастар мен балалардың қызығушылығын арттыруға ықпалын тигізетін ғылыми-көпшілік кітап пен журналдар басылымдарын тарату.

Мұндай тәсіл қатысушылардың өзара міндеттері мен экономикалық қызығушылықтарына негізделген аймақтарда жаңартпашылық қызметтің дамуына жағдай туғызуға көмектеседі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Нурланова Н.К. Повышение конкурентоспособности человеческого капитала в Республике Казахстан. — Алматы: ҚР БҒМ экономика институты, 2010. — С. 52.
- 2 Статистический сборник «Регионы Казахстана в 2011 году». — Астана, 2012. — 400 с.
- 3 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года. Утв. Указом Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 г. № 922 // Мысль. — 2010. — № 3. — С. 15–42.
- 4 Новое десятилетие — новый экономический подъем — новые возможности Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Мысль. — 2010. — № 3. — С. 2–14.
- 5 Турежанова М. Ставка — на эффект со смелыми идеями // Казахстанская правда. — 2011. — 9 дек. — С. 8.

А.Н.Рамашова

## **Формирование кадрового потенциала для перехода регионов Казахстана к инновационной экономике: возможности и направления реализации**

В статье отмечено, что в настоящее время инновационная деятельность еще не стала основой социально-экономического развития страны: в отечественной экономике не наблюдается существенных технологических прорывов, признаков интенсивного массового освоения результатов исследований и разработок. Выделена особая значимость в этой связи уровня подготовленности кадров в условиях смены технологических укладов для работы и перехода на новый, более высокий уровень, так как качество профессиональных кадров, уровень их адаптивности и мобильности определяют инновационность экономики. Автором рассмотрены проблемы формирования кадрового потенциала в регионе. Проведен краткий анализ сложившейся ситуации в регионах страны. Определены возможности для перехода экономики к инновационному развитию.

A.N.Ramashova

## **Formation of human capacity for the transit of Kazakhstan regions to the innovative economy: opportunities and directions of realization**

Nowadays innovative activities have not yet become the basis of social and economic development of the country: there have not been observed any significant technological breakthroughs, signs of intense mass research results and development in the domestic economy. Particular significance in this context acquires the level of readiness of personnel in the condition of changing technological ways to work and go to a higher level, as the quality of professional staff, their level of adaptability and mobility define innovation economy. The author considers the problem of formation of human capacity in the region. The current situation in the country was analyzed. The opportunities for economic transition to innovative development were defined.

### References

- 1 Nurlanova N.K. *Improving the competitiveness of human capital in the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Institute of Economics KS MES RK, 2010, p. 52.
- 2 *Statistical Bulletin «Regions of Kazakhstan in 2011»*, Astana, 2012, 400 p.
- 3 *Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan to 2020*: Approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 1, 2010 number 922 // *Thought*, 2010, 3, 15, p. 42.
- 4 *New Decade — New Economic Growth — New Opportunities for Kazakhstan: The Message of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbaev* // *Thought*, 2010, 3, p. 2–14.
- 5 Turezhanova M. *Stake — on effect with bold ideas* // *Kazakhstan Pravda*, 2011, December, 9, p. 8.